

Абай облысы Бесқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 262 қаулысы Қазақстан Республикасы "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, "Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11550 болып тіркелген) сәйкес, Бесқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысы Бесқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 - қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Абай облысы Бесқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі қаулының 12 - қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 119 "Бесқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5037 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Бесқарағай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізілсін.

Бесқарағай ауданының әкімі

Н. Кошкарбаев


Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы


№ 262 қаулысына

1 - қосымша

Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Сосновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Морозов орман шаруашылығында тұратын оқушыларды тасымалдау схемасы




Қысқартуларға түсініктеме:
км – километр
Шартты белгілер:



Бесқарағай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қазандағы
№ 262 қаулысына
2 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Беген орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Беген орман шаруашылығында тұратын оқушыларды тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:



Бесқарағай ауданы әкімдігінің



2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

3 - қосымша

Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Семеновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Семеновка орман шаруашылығында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы

Семеновка
орман шаруашылығы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:

	- елді мекен
	- жол
	- маршрут бағыты
*L	- қашықтық
	- Абай облысы білім басқармасы Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «Семеновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі


Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

4 - қосымша

Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Нұрлыбек Баймұратов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бөкебай орман шаруашылығында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы



Бөкебай орман
шаруашылығы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:



- елді мекен



- жол



- маршрут бағыты

*L

- қашықтық



- Абай облысы білім басқармасы Бесқарағай ауданы білім бөлімінің
«Нұрлыбек Баймұратов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі


Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

5 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Өндіріс орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дөнгелек орман шаруашылығында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:




Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

6 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай аудандық білім бөлімінің "Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен "№1 Жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қарабаш орман шаруашылығында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:




Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

7 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Мостик негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Черемужка ауылында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:




Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

8 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Семияр орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Лесной ауылында тұратын оқушылардың тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:




Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына


9 - қосымша

Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Канонерка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қара-Мырза ауылында тұратын оқушыларды тасымалдау схемасы



Бесқарағай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қазандағы
№ 262 қаулысына
10 - қосымша


Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің "Глуховка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бірлік, Стеклянка, Старая Крепость ауылындарында тұратын оқушыларды тасымалдау схемасы



Қысқартуларға түсініктеме:

Км – километр

Шартты белгілер:




Бесқарағай ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 22 қазандағы

№ 262 қаулысына

11 - қосымша

Бесқарағай ауылында тұратын оқушылардың Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөліміне қарасты "Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен "№1 Жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау схемасы



Бесқарағай ауылы. Тәуелсіздік шағын ауданы аялдмасы.

	-	елді	мекен
	-	ЖОЛ	
	-	маршрут бағыты	
$*L$	-	қашықтық	
	-	Абай облысы білім басқармасы Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Абай облысы білім басқармасы Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «№1 Жалпы білім беретін орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі	

Бесқарағай ауданы әкімдігінің
 2025 жылғы 22 қазандағы
 № 262 қаулысына
 12 - қосымша

Абай облысы Бесқарағай ауданындағы шалғай елді мекендерде тұратын оқушылардың жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

1-тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан

Республикасының Заңының 31-бабы 2-тармағы, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 3-тармағы 3-1) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) тасымалдау үшін, тасымалдаудың тиісті түрін жүзеге асыруға жарамды және жолаушылар мен жүкті тасымалдауға арналған заңнама талаптарын сақтай отырып, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде нормативтік құқықтық актілердің (техникалық байқаудан өткен) талаптарына жауап беретін автокөлік құралдарын пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

4. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру бағытын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

5. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда

Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдығы төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тапсырыс беруші ілесіп жүрушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша нұсқаманы медициналық қызметкердің жүргізуін қамтамасыз етеді.

7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

Нұсқаманың өткізілуі туралы белгі және нұсқама алған тұлғаның қолы нұсқаманы есепке алу туралы арнайы журналға қойылады. Ілесіп жүрушілер нұсқаманы өтпесе, автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

9. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;
- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын-алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан аландатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

10. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүрушілер шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

Балалар автобуска оралғаннан кейін еріп жүрушілер балалардың өз орындарында орналасқандығына көз жеткізеді, содан кейін ғана жүргізушіге сапарды жалғастыру мүмкіндігі туралы хабарлайды

Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын (сөмкелерін, пакеттерін) бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығуға;
- 2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүру;
- 3) түсіру орнынан жаяу жүрген кезде олардың Жол жүру ережесімен жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Қорытынды ережелер

10. Ауданның шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.